



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 23 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2007 жылғы 20 маусым**

**Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі
Қазақстан-Қытай шағын комитетінің үшінші
отырысын өткізу туралы**

2007 жылы 11 маусымда Алматы қаласында Қазақстан Республикасының және Қытай Халық Республикасының орталық және коммерциялық банктері, Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі, Қазақстан Республикасы Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі, «Қазақстан ипотeka компаниясы» АҚ, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Ұлттық процессинг орталығы» АҚ, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС, сондай-ақ Қытай Халық Республикасының банктік қадағалау комиссиясы, Қытай Халық Республикасының валюталық реттеу мемлекеттік мекемесі, Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қытай Халық Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу комиссиясы, Қытай Халық Республикасының сақтандыру қызметін реттеу комиссиясы, Қытай Халық Республикасының экспорттық кредиттеуді сақтандыру жөніндегі ұйымы, China Unionpay компаниясы өкілдерінің қатысуымен Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі Қазақстан-Қытай шағын комитетінің үшінші отырысы өткізілді.

Осы іс-шараның ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болды.

Шағын комитеттің Қазақстан жағының Тең төрағасы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш.Тәжіяқов, Қытай жағының Тең төрағасы Қытай Халық Банкі Төрағасының Кеңесшісі Ма Дэлун мырза болды.

Отырыс барысында екі елдің экономикалық және қаржылық жай-күйі, Қазақстанда және Қытайда шағын және орта бизнесті дамытуды мемлекеттік қаржыландыру, Қазақстан және Қытай компанияларының екі елдің бағалы қағаздар нарығына шығуының ықтимал жолдары, сондай-ақ Қазақстанның және Қытайдың халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуді қаржылық қолдау жөніндегі тәжірибелері туралы өзара ақпарат алмасты.

Бұрын 2005 жылғы 14 желтоқсанда Пекин қаласында өткізілген Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі Қазақстан-Қытай шағын комитетінің екінші отырысы барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қытай Халық Банкі арасында Шекаралық аудандардағы сауда-саттықта банкаралық есеп айырысулар туралы келісімге қол қойылған болатын. Осы Келісімнің 2-бабына сәйкес, сондай-ақ Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі Қазақстан-Қытай

шағын комитетінің екінші отырысы Хаттамасының 7-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсетілген Келісімге Тараптардың тауар және қызмет көрсету сауда-саттығы бойынша тиісті есеп айырысулар жүзеге асырылатын шекара маңы аудандарын - өткізу пункттерін айқындауға қатысты өзгеріс енгізу туралы хаттама дайындаған болатын. Осы Хаттамаға 2007 жылғы 11 маусымда Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі Қазақстан-Қытай шағын комитетінің үшінші отырысында қол қойылды және шекара маңы аудандарындағы сауда-саттықта екі елдің ұлттық валюталарында есеп айырысу көлемін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Екі елдің қаржы нарығын дамыту процесіне коммерциялық банктерді тарту және шетелдік банктер үшін талаптарды жеңілдету туралы мәселе шеңберінде Қытай Халық Республикасының банктік қадағалау комиссиясының өкілдері Қазақстандық Тарапына БСҰ-на қосылған сәттен бастап Қытайдағы өтпелі кезең аяқталғаннан кейін қытайлық қаржы нарығына шетелдік банктердің кіруіне қатысты Қытайдың жүргізген саясаты туралы хабарлады. Сондай-ақ Қытай Тарапының банктердің шетелдік капиталдармен қызметін реттейтін заңнамаға өзгеріс енгізілгені және ҚХР заңнамасына сәйкес қазақстандық коммерциялық банктердің Қытайда еншілес банктер ашуын қолдайтынын хабарлады.

Сондай-ақ Тараптардың сауданы қаржыландыру, ірі жобаларды қаржыландыру, клиенттерге қызмет көрсету және экспорттық кредиттеуді сақтандыру саласындағы ынтымақтастығын одан әрі дамытуға ықпал ету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Тараптар банктік төлем карточкалары саласындағы табысты ынтымақтастық, атап айтқанда, Қазақстанда China Unionpay карточкалары үшін «Халықтық жинақ банкі» АҚ мен China Unionpay компаниясы арасындағы шарттың жасалуын атап өтті.

Сонымен қатар, отырыс барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қытай Халық Республикасында Өкілдігін ашу ниеті туралы мәселе көтерілді.

Тұтастай алғанда Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі Қазақстан-Қытай шағын комитетінің үшінші отырысы мазмұны жағынан жоғары деңгейде өткізілді және Тараптар қол жеткізілген қаржы ынтымақтастығы нәтижелеріне ризашылығын білдірді.